



ОӘЖ 338.436(574)

**ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ЖӘНЕ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН
ДАМУҒА БОЛАШАҒЫ**

**ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ЛИЧНЫХ ПОДСОБНЫХ
И ДОМАШНИХ ХОЗЯЙСТВ**

**PERSPECTIVE DEVELOPMENT
OF PRIVATE SUBSIDIARY FARMS AND HOUSEHOLDS**

К.А. САРХАНОВ

филиал директоры

ауылшаруашылық ғылымдарының докторы

Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және
ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

Аңдатпа. Ауылдағы шаруашылық жүргізудің шағын формаларының жұмыс жасау ғылыми-практикалық негіздері зерделенген. «Жеке қосалқы және үй шаруашылықтары» түсініктерінің мәндері, шағын ауылшаруашылық құрылымдары қызметінің механизмін жетілдіру қажеттілігі көрсетілген. Оларды шаруа қожалықтарына, статусын өзгерту, жер ресурстарын пайдалануды тәртіпке келтіру, статистикалық есепті жақсарту және олардың негізгі көрсеткіштері бойынша мәліметтер базасын қалыптастыру мақсатында біріктіру ұсынылады.

Аннотация. Изучены научно-практические основы функционирования малых форм хозяйствования на селе. Показаны значения понятий «личные подсобные и домашние хозяйства», необходимость совершенствования механизма деятельности мелких сельхозформирований. Рекомендуется их объединение в крестьянские хозяйства с целью изменения статуса, упорядочения пользования земельными ресурсами, улучшения статистического учета и формирования базы данных по их основным показателям.

Abstract. Scientific- practical bases of functioning of small farms in rural areas have been explored. The meaning of "private land and households" have been explained, and the need to improve mechanism of small-scale agribusinesses activities have been demonstrated. Their unification into peasant farms aimed to change the status, systemizing of land resource use, improvement of statistical record and formation of database on their main indicators is recommended.

Тұтқалы сөздер: ауыл шаруашылығы, жеке қосалқы және үй шаруашылықтары, ауылдық елді мекендер, ауылдық аумақтар, аграрлық өнім, ауылшаруашылық құрылымдар, кооперативтер, шағын және орта бизнес, трансформация, кәсіпкерлік, жер пайдаланушылар, тауарлы өнім.

Ключевые слова: сельское хозяйство, личные подсобные хозяйства, домашние хозяйства, сельские населенные пункты, сельские территории, аграрная продукция, сельскохозяйственные формирования, кооперативы, малый и средний бизнес, трансформация, предпринимательство, землепользователи, товарная продукция.

Keywords: agriculture, households, rural areas, agricultural production, agribusinesses, cooperatives, small and medium business, transformation, entrepreneurship, land users, commercial products.



Мемлекеттік статистикалық деректер бойынша бүгінде елімізде ауылдық жерлерде 1,3 млн. жеке қосалқы, үй шаруашылықтары бар. Олар барлық пайдаланыстағы ауыл шаруашылығы жерлерінің бестен бір бөлігін иелене отырып, еліміздегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үштен екісін өндіреді екен.

Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту институты Солтүстік филмалы 2015 жылдан бері үш жылдық ғылыми-тәжірибелік бағдарлама аясында еліміздің бірнеше, бір-бірінен табиғи-ауа райы жағдайларымен ерекшеленетін ауылдық аумақтарында жеке қосалқы, үй шаруашылықтарының әлеуетін арттыру, оларды кіші, орта бизнес құрлымдары санатына трансформациялау мүмкіндіктерін анықтау бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Кешегі Кеңес Одағы кезінде жеке қосалқы, үй шаруашылықтары мемлекеттік шаруашылықтар (совхоздар) еңбеккерлерінің қосымша табыс көзі бола отырып, шаруашылықтардың да өнім өндіру жоспарына айтарлықтай үлес қосып келді, өздері де олардың тарапынан айтарлықтай қолдаулар мен көмектер алды [1]. Ал бүгінде бұл саладағы жағдай мүлдем басқаша, яғни жеке қосалқы, үй шаруашылықтары қазір өзімен-өзі жеке дара қалып отыр.

Осыған орай, жеке қосалқы, үй шаруашылықтары, олардың келешегі туралы қоғамда қарама-қайшы пікірлердің де қалыптасып отырғанын айтпауға болмайды. Атап айтқанда, бірқатар ғалым-мамандар шағын, қосалқы, үйшаруашылық құрлымдарының ауыл шаруашылығы өндірісінде маңыздылығы біртіндеп төмендей береді десе, енді біреулері, керісінше, олардың құрлымдық жүйелерін, шаруашылық жүргізу формаларын жетілдіру еліміздің аграрлық секторында кіші, орта кәсіпкерліктің өркендеуіне бірден-бір жол ашатын мүмкіндік деп есептейді [2].

Бүгінде «Жеке қосалқы», «Үй» шаруашылықтары (әрі қарай ЖҚШ, ҮШ) атаулары төңірегінде де бірегей түсініктің қалыптаспай отырғандығы да кездейсоқ емес. Біздің ойымызша жеке қосалқы, үй шаруашылықтарын атауларына сай келетін мақсат-тардағы кәсіптерімен айналысу тұрғысында анықтап, бағалау керек сияқты. Бұл екі ұсақ шаруашылық құрлымының бірегей кәсіптік саласын «жұртшылық шаруашылығы» (хо-зяйства населения) деп атауды орынды деп ойлаймыз.

Атап айтқанда, түрлі шағын ауыл шаруашылығы құрлымдары тауарлы өнім өндірумен де айналысатын болса, олар «жеке қосалқы шаруашылық», ал өндіретін өнімдері

тек ішкі азық-түлік сұраныстары көлемінде шектелсе «үй шаруашылығы» (кәсіпкерлік қызметке жатпайтын) санатта-рына жатқызу қажет сияқты. Әрине, іс-жүзінде бұл екі құрлымдардың ара жігін ажырату өте күрделі, көптеген қосымша шығындарды қажет етеді. Мысалы, өрке-ниетті елдердің өзінде жеке қосалқы, отбасы шаруашылықтары сияқты ұсақ ауыл шаруашылығы құрлымдарына олардың жалпы өндіретін өнімдер көлемінің шектеулілігіне байланысты мемлекет тарапынан белгілі бір бақылау мен қолдау іс-шараларын атқару қарастырылмаған [3]. Сонымен қатар, біздің елде, жеке қосалқы, үй шаруашылығы құрылымдарының шаруашылық жүргізу форма-лары ретінде шет елдердегідей экономик-калық категориялармен емес, құқықтық негізде анықтау, түрлі ұсақ ауыл шаруашылығы құрлымдары араларындағы жіктеу тетіктерінің нақты еместігін көрсетіп отыр.

Бұл орайда, айқын ажырату критерийлері болып шаруашылықтың негізгі мақсаты, қызметтер түрлері, жер, тауарлы өнімдер көлемдері, техникалық жарақтану, жұмыспен қамтылу, табыстылық деңгейлері болуы керек деп есептейміз.

Қалай болғанда да, нарықтық көп укладты экономика жүйесінде шағын қосалқы, үй шаруашылықтары ауыл шаруашылығы өндірісінде өз орнын тауып, тұрақты, икемді шаруашылық жүргізу формаларының біріне айналатындығына күман болмаса керек [4]. Себебі, бүгінде елімізде ауыл шаруашылығы өндірісінің 70% жуығын иеленіп отырған жеке қосалқы, үй шаруашылықтарының келешекте де түрлі құрылымдық жетілдіру іс-шаралары негізінде ауыл шаруашылығы өндірісінде үлес салмағының басым болатындығына сенім мол.

Ауылдық аумақтарда жүргізілген анкеталық сауалнамалар ауылдық елді мекендерде (тауықтан басқа) мал ұстамайтын отбастары соңғы жылдарда өсіп келе жатқандығын байқатады. Сауалнамамен қамтылған алты ауданның ауылдық елді мекендері бойынша мал ұстамайтын отбасылар деңгейі орта есеппен 15 % құрады. Мысалы, дамыған шет елдерде, атап айтқанда АҚШ елінде 4-5% ауыл халқы елді азық түлікпен толықтай қамтамасыз етеді екен дейді [5]. Бірақта біздің еліміздің бұндай ауыл шаруашылығы өндірісі инфраструктура құрлымы деңгейіне жету үшін әлі бірнеше ондаған жылдар керек, ең бастысы біздің ауылдық аумақтар табиғи, жер жағдайын, халқымыздың әдеп-ғұрып, дәстүрлі менталитетін шет елдермен салыстыруға болмайды.

Сондықтан да ауылда негізгі тіршілік көзі болып саналатын мал өсірумен айналыспайтын отбастары санының өсу үрдісі жалғаса беретін болса, келешекте ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің күрт төмендеуі мен ауылдық елді мекендерде күрделі элеуметтік қиындықтардың орын алуы әбден мүмкін. Демек, шағын қосалқы, үй шаруашылықтары өндірістік өнімділік пен тиімділіктерін арттыру үшін не істеу керек деген сұрақ туындайды? Біздің ойымызша, бұл мәселеде бастысы ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге белсенділігін арттыру үшін, олардың жеке шаруашылықтары сұраныстарына сай, құнарлы мал азығымен, тиісті жайлымдық жерлермен, өндірген өнімдерін тиімді бағаға өткізетін мүмкіндіктермен қамтамасыз етуде мемлекет тарапынан белсенді қолдау жаса-луы керек. Бүгінде ауыл тұрғындары қанша бас мал ұстау тиімді болатынын, мал бастарын азықтандырып, күтіп, бағу ерекше-ліктерін біршама игеріп алғаны белгілі.

Өкінішке орай, бүгінде ауыл тұрғындары мал өнімдерінің 30%-ын ғана саудаға шығара алады, елімізде жаңа технологиямен салынған қаншама мал бордақылау, мал өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының қуаттылығына сай мал өнімдерімен қамтамасыз етілмей отырғандығы сын көтермейтін жағдай. Ал, ауыл тұрғындары шағын шаруашылықтары жалпы сүт өнімдерінің небәрі 15-20%-ын ғана өңдеу кәсіпорындарына өткізіп отыр.

Елімізде сауын сиырдың жылдық сүттілігі орта есеппен 2200 кг., бүгінде жеке қосалқы, үйшаруашылықтары орталықтандырылған сүт қабылдау орындарына әр сауын малға шаққанда, әрбір ауылдық елді мекендер бойынша орта есеппен 30 дан 300 кг дейін сүт өткізеді екен. Демек, егерде жеке қосалқы, отбасы шаруашылықтарынан сүт өнімін сатып алу іс-шараларын өз деңгейінде ұйымдастырса, яғни әрбір ауылдық елді мекендерден әр сауын мал сүтінің кем дегенде 20%-ын жуығын (450 кг) өткізгенде, көзіргі жағдайдан екі есеге жуық артық сүт өнімдері еліміздің ішкі азық-түлік нарығына шығады екен.

Сонымен, біздің жүргізген ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмыстарымыздың бастапқы нәтижелері, жоғарыда аталған іс-шараларды тәжірибеде балама екі жолмен игеруге болатындығын көрсетті.

Біріншісі, ауылдық елі мекендер аумағында, таяуда қабылданған заң аясында ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, екіншісі жеке қосалқы, үй шаруашылықтарын тауарлы өнімдер өндіруге ынталандыру іс-шаралары

арқылы ерікті түрде кіші кәсіпкерлік құрылымдар қатарына трансформациялау болып табылады (субсидия, қосымша жер беру, өнімдерін тиімді бағаға өткізу т.б. арқылы).

Осыған орай, жеке қосалқы, үй, тағы басқадай ұсақ ауыл шаруашылығы құрылымдарын аумақтық принципте қызметтерін бірлесіп атқаратын ауыл шаруашылығы кооперативтері үлгілерін жасау қажеттілігі туындайды. Атап айтқанда, кооператив басқару билігі тең дәрежеде өнімдер өндірушілердің - жеке қосалқы, үй шаруашылықтары құзырында болады, яғни қосымша құнның мейлінше басым бөлігі өнім өндірушілер үлесіне тиеді деген сөз [6].

Сонымен қатар, негізінен жеке қосалқы, үй шаруашылықтары есебінен жасақталатын ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру іс-шараларын, бірінші кезекте, еліміздің әр өңірлері бойынша пилоттық жоба ретінде атқарудың да маңызы зор деп есептейміз.

Екінші жол бүгінде жариялылық емес жағдайда тауарлы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шағын шаруашылық құрылымдары қызметтерін түсіндірушілік жұмыстары арқылы заңдастыру және жеке қосалқы, үй шаруашылықтарының (мүмкіндіктері барларын) тауарлы өнімдер өндіруге мемлекет тарапынан белсенді көмектер қарастыру негізінде ынталандыру кіші кәсіпкерлік құрлымына трансформациялау іс-шарасы болып есептеледі.

Сондай-ақ, шағын қосалқы, үй шаруашылықтарын түрлі формалардағы шаруашылық құрылымдарымен (агрокомбинаттар, агрохолдингтер, кластерлік агрокешенді құрылымдар) интеграциялау тәсілінің де тиімділігін айтпасақ болмайды.

Бұндай жүйе, бірінші кезекте жеке қосалқы, үй шаруашылықтарының материалдық – техникалық жабдықталуында, өндірген өнімдерін өткізуінде қалыптасып отырған күрделі проблемаларды оңтайлы шешеді деп айтуға болады.

Ауыл тұрғындары қосалқы, үй шаруашылықтары қызметтерінің тиімділіктерін арттыруда жергілікті атқарушы биліктің, ынталылығын да ескеру керек. Сондықтан да, жергілікті жерлерде жеке қосалқы, үй шаруашылықтары жағдайын тұрақты бақылауда ұстау, қажет жағдайларда тиісті көмектер көрсету үшін, әсіресе олардың өндірген және өткізген өнімдері көрсеткіштерін міндетті түрде мемлекеттік статистикалық есеп жүйесіне енгізу, ауылдық, аудандық атқарушы органдар деңгейінде жеке қосалқы, үй шаруашылықтары бойынша негізгі деректер базасын қалыптастыру іс-шараларының да маңызы зор. Басқасын айтпағанда, бұл

жағдай өз кезегінде аталған шағын ауыл шаруашылығы құрлымдарына мемлекеттік қолдау мен несиелеудің тиімді жүйелерін қалыптастыруға оң әсер етер еді.

Сонымен қатар, жоғарыда баяндалған маңызды іс-шаралардың атқарылу мүмкіндігі мен тиімділігі көптен талқыланып, жолы болмай келе жатқан «Жергілікті өзін-өзі басқару» және «Жеке қосалқы, үй шаруа-шылықтары» туралы ҚР заңдары жобала-рының қабылдауына да байланысты деп айтуға болады. Атап айтқанда, бұл заңдар аясында жергілікті атқарушы биліктің құзыреттілігі, жеке қосалқы, үй шаруашылық құрлымдарының да жекелеген ерекшеліктері нақтыланып, жоғарыда аталған іс-шараларды дәйекті, нәтижелі атқаруға жол ашар еді.

Қорыта айтқанда, шағын ауыл шаруашылығы құрлымдарының шаруашылық жүргізу жүйелерін жетілдіру, оларға мемлекеттік қолдау көрсету, бақылау тетік-терін ұйымдастыру ауыл тұрғындарының басым бөлігінің ауыл шаруашылығы өндірісіне белсене араласуын қамтамасыз етеді, ауылдық елді мекендерде әлеуметтік жағдайлардың жақсаруына айтарлықтай оң әсерін тигізеді.

Нәтижені талқылау: Сонымен, бүгінде жеке қосалқы, үй шаруашылықтарының даму жолдары мен келешегіне бір жақты қарауға болмайды. Атап айтқанда, бүгінде бұл шағын ауыл шаруашылығы құрлымдары келешекте маңыздылығын төмендетеді немесе, керісінше, олар алдағы уақытта бүгінгі қалпында ауыл шаруашылығы өндірісінде басымдылығымен ерекшелене береді деп, «кесіп» айтуға болмайды. Сондықтан мәселенің оң шешімі біздің қаншалықты олардың қызметтерін оңтайландыруға, құрлымдық, мемлекеттік қолдау жүйелерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларымыздың нәтижелі болып отырғанына байланысты болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Кудряшов В.И. Поддержка развития малых форм аграрного производства /В.И.Кудряшов, Е.В. Нежелченко, Е.А. Нефедова // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2009. - №5. – С.. 77-79.

2 Костяев А.И., Дибиров А.А. Развитие личных подсобных хозяйств в условиях пере-

хода к рыночным отношениям. – Екатеринбург, 1994.- С. 147-149.

3 Петриков А.В. Развитие и рыночная интеграция личных (подсобных) хозяйств населения. Вопросы теории и практики. Материалы научн.-практич. конференции .-М. – 2000.- С. 31-33.

4 Казарезов В.В., Рассказов А.И. Личные подсобные хозяйства в прошлом и настоящем .-М.: Росинформогртех, 2002. –С. 17-21.

5 Бондаренко Л. Проблемы развития сельских территорий //АПК: экономика, управление. – 2009. -№12. –С. 24-25.

6 Лысенко Е.Г. Институциональные основы организации функционирования личных подсобных хозяйств населения // Экономические основы, возможности и направления развития личного подсобного хозяйства. Материалы Всероссийской науч. –практич конференции .- М., 2004.-С. 10-12.

Pajdalanған әдебиеттер тизими

1 Kudrjashov V.I. Podderzhka razvitija malyh form agrarnogo proizvodstva /V.I.Kudrjashov, E.V. Nezhel'chenko, E.A. Nefedova // Jekonomika sel'skohozjajstvennyh i pererabatyvajushhih predpriyatij. – 2009. - №5. – S.. 77-79.

2 Kostjaev A.I., Dibirov A.A. Razvitie lichnyh podsobnyh hozjajstv v uslovijah perehoda k rynochnym otnoshenijam. – Eketerinburg, 1994.- S. 147-149.

3 Petrikov A.V. Razvitie i rynochnaja integracija lichnyh (podsobnyh) hozjajstv naselenija. Voprosy teorii i praktiki. Materialy nauchn.-praktich. konferencii .-M. – 2000.- S. 31-33.

4 Kazarezov V.V., Rasskazov A.I. Lichnye podsobnye hozjajstva v proshlom i nastojashhem .-M.: Rosinformograteh, 2002. –S. 17-21.

5 Bondarenko L. Problemy razvitija sel'skih territorij //АПК: jekonomika, upravlenie. – 2009. - №12. –S. 24-25.

6 Lysenko E.G. Institucional'nye osnovy organizacii funkcionirovanija lichnyh podobnyh hozjajstv naselenija // Jekonomicheskie osnovy, vozmozhnosti i napavlenija razvitija lichnogo podsobnogo hozjajstva. Materialy Vserossijskoj nauch.–praktich konferencii.- M., 2004.-S.10-12.